

6B01402 ВИЗУАЛДЫ ӨНЕР, КӨРКЕМ ЕҢБЕК, ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау саласындағы міндеттерді инновациялық білім беру технологиялар негізінде шеше алатын, шығармашыл және сыни ойлайтын, ынтымақтастық және коммуникативті дағдыларын дамыту деңгейі жоғары педагог мамандарды даярлау

УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Өр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Қоғамдағы ақпараттық инновациялар, жаһандық үрдістер, еңбек нарығындағы жоғары сұраныстар, білім кеңістігінде бәсекелестікте креативті ойлайтын, заманауи технологиялар мен оқытудың тиімді әдістері бойынша іргелі білімі бар көркем-эстетикалық бағыттағы шығармашыл тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Бүгінгі білім беру парадигмасы өзгерді, «өмір бойы білім алу» моделі тұлғаның іс-әрекеті мен өмірлік ұстанымын жаңаша қабылдауға мүмкіндік туғызды. Мектепте білім беруді жаңаша реформалау өскелең ұрпақтың табиғи бейімділіктері мен құндылық бағдарларын ескере отырып, оның жан-жақты үйлесімді дамуына және шығармашылық дағдысының қалыптасуына бағытталған. Бұл B007 – Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының тобы бойынша педагог мамандарды даярлау сапасына да жаңа талаптар қоюмен негізделеді. Осыған байланысты заманауи технологиялар мен оқытудың тиімді әдістерін меңгерген және жаңартылған бағдарламаның мазмұны бойынша шығармашыл және сыни ойлайтын, танымдық, ынтымақтастық, коммуникативтілік дағдылары жоғары, көркем-эстетикалық бағыттағы Визуалды өнер,

көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламасы бойынша суретші педагог кадрларды даярлау қажеттілігі туындайды.

ҚР барлық білім беру жүйесін жаңғырту жоғары оқу орындарының қызметін жетілдірудегі маңызды міндеттердің бірі-біздің қоғам дамуының жаңа нарықтық жағдайында жұмыс істейтін жас кадрларды даярлаудың білім беру және мәдени деңгейін арттыру болып табылады. Бұл «Көркем еңбек», «Графика және жобалау» кіріктірілген пәндердің жаңартылған мазмұны оқушыларға көркем ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту, эстетикалық талғамын ояту, қолданбалы өнердің түрлерінен мағлұмат беру, сәндік-қолданбалы технологияның маңызды бөлігімен таныстырады. Адам мәдениетін ұғыну және оның өзіндік зерттеудің әмбебап әдісі бейнелеу өнері болып табылады.

Қазіргі таңда білім берудің көркем-эстетикалық бағыттағы жаңартылған бағдарламаның мазмұны мен құрылымын жаңарту бойынша шығармашыл және сыни ойлайтын, танымдық, ынтымақтастық, коммуникативтілік дағдылары жоғары "Көркем еңбек" және "Графика және жобалау" кіріктірілген пәндер бойынша мұғалімдер даярлау мақсатында басымдыққа айналуы тиіс, өйткені мұндай мамандарға бүгінгі күні отандық еңбек нарығында сұранысқа ие.

ҚР БҒМ деректері бойынша республиканың мектептері мен білім беру мекемелері көркем еңбек және сурет пәнінің мұғалімдеріне мұқтаж. <https://www.enbek.kz> («ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы, ҚР Президентінің 12.10.2021 ж. №726 жарлығымен бекітілген», «2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы» miid.gov.kz).

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	1) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда) 2) Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды)
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	Киім дизайны

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Синегрия университет -30%

Милан университеті - 30%

БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

Жалпы білім беретін орта мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер, шығармашылық және ғылыми-зерттеу институттары, мектепке дейінгі мекемелер, балалар көркемөнер студиялары, жасөспірімдер бірлестіктері, қосымша білім беру мекемелері мен дамыту орталықтары, өнер мектептері, баспаханаларда көркемдеуші дизайнер және 6B01402 Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламасы бойынша білім тек қазір қалыптасып жатқан болашақ мамандықтарда жалғасын табады.

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

6B01402 Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

1 кәсіби құзыреттілік саласы

білім алушылардың оқыту, тәрбиелеу, дамыту үдерістерін ұйымдастыру арқылы ғылыми дүниетанымдық көзқарасын, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас

қабылдауға, өмірлік қажетті міндеттерді тәжірибелік кәсіби қызмет саласында қадағалау, талдау, болжау қабілетін қалыптастыру.

2 кәсіби құзыреттілік саласы

тұлғаны дамытуда көркемдік педагогика мен психологияның өзекті мәселелерін шешу, білімалушыларға бейнелеу өнеріне оқытудың жаңа амалдарын, көркемдік білім берудің жаңа мазмұнын құрылымдап оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу

3 кәсіби құзыреттілік саласы

ішкі және сыртқы безендіру саласындағы жұмысты, кәсіпорында, фирмада суретші, полиграфиялық өндірісте кітап суретшісі қызметін қамтиды. Қолданбалы және өнеркәсіптік графика саласында жұмыстарға бағытталған (қаптама, зат таңбалар, мөр таңбалар, белгілер, логотиптер, жарнамалар, буклеттер, почта жинақтары және т.б.) интерьерге, сыртқы көріністерге, басқа нысандарға арналған дизайн жобаларын әзірлеу қабілеті.

4 кәсіби құзыреттілік саласы

визуалды өнер мұғалімі кескіндеме, графика, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер және т.б. өнер туындыларын жасауға бағытталған; сыни тұрғыдан талдап, дәлелдей білу шығарманың көркемдік қасиетін қарастыру, әлеуметтік, мәдени және тарихи контекст, шығарманың архитектурасын анықтау (оның тұжырымдамасының негізгі белгілері, стилі, орындау ерекшеліктері, пішін мен мазмұн бірлігі), әртүрлі интерпретацияларға салыстырмалы талдау жүргізу, визуалды өнерінің түрлері мен жобалау графикасын түрлі құралдарда меңгеру.

5 кәсіби құзыреттілік саласы

әр түрлі деңгейдегі көркемдік-эстетикалық пәндердің мазмұнын (ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді) жоспарлау; оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және өткізу жолдарын анықтау; нормативтік құқықтық актілер негізінде басқару шешімдерін қабылдауға және жобалық іс-шараларды ұйымдастыруға дайын болу; көркемдік білім саласында алған білімдерін пайдалана білу: дәрістер, баяндамалар оқу, өнер жөнінде әңгіме өткізу, мұражай, галереяларға, сәулет ескерткіштері мен ұлттық жәдігерлерге экскурсиялар ұйымдастыру, редакциялық жұмысты жүзеге асыру.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады;

ОН 2 Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген;

ОН 3 Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді;

ОН 4 Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалауды оқытудың оқу үдерісінде ынтымақтастық педагогикасы тұрғысынан көшбасшы ретінде, сондай-ақ инклюзивті білім берудің теориялық ережелері мен академиялық адалдық қағидастары мен мәдениетін сақтай отырып, заманауи педагогикалық технологияларды ұйымдастырады;

ОН 5 Конструктивтік, анатомиялық және пропорционалды қатынастарды сақтай отырып, заттар мен адам фигурасын шынайы бейнелеуде кескіндемелік және графикалық шеберліктің әртүрлі көркемдік әдістері мен тәсілдерін қолданады;

ОН 6 Әлем халықтарының ас үй мәдениеті мен дәстүрлерін, тағам дайындау технологиясын, өсімдік шаруашылығы негіздерін біледі, салауатты тамақтанудың ережелерін сақтайды, тұрмыстық құралдар мен жабдықтарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін қолданады;

ОН 7 Қолданбалы өнер мен дизайнның сипаттамаларын, еңбек операцияларын орындау үшін өмір сүру ортасының эстетикалық, техникалық, экологиялық және эргономикалық жағдайларын ұйымдастыру және қамтамасыз ету, заманауи талаптар негізінде материалдарды көркемдеп өңдеудің технологиялық процестерінің нәтижелері мен көркем өнер туындыларының материалдылығын дизайнның даму тенденциялары негізінде талдайды;

ОН 8 Үйдің ішкі және сыртқы интерьерін жасауда шығармашылық идеялармен компьютерлік технологияны пайдалана алады, «hand made» сәндеу элементтерін және көркемдеу тәсілдерін қолданады;

ОН 9 Үш өлшемді кеңістікте композициялық өнер туындыларын тұрғызудың принциптері мен құралдарын, көркемдік элементтерін меңгереді, визуалды өнер теориясының негізгі ережелері, бейнелеу және көркем қабылдау психологиясы туралы білімді түсіндіреді;

ОН 10 Қазіргі заманғы өнер түрлерінің көркемдік ерекшеліктерін сәндік-қолданбалы өнер және дизайн саласындағы практикалық білімдері мен дағдыларын біріктіретін өзінің шығармашылық жобаларын жасай алады;

ОН 11 Көркем іс-әрекеттің әртүрлі түрлерін (сурет, кескіндеме, мүсін, көркемдік құрылым), сондай-ақ АКТ негізіндегі көркемдік әрекеттің арнайы пішіндерін (сандық фотосурет, бейне жазба, мультипликация элементтері және т.б.) практикалық білік дағдыларында көрсетеді;

ОН 12 Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау сабақтарын ұйымдастыру және өткізу әдістемесін меңгереді, сызбаларды, конструкторлық және сәндік-қолданбалы жұмыстарды орындауда компьютерлік технологияның негіздерін тәжірибеде қолданады.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
ТА1		+			+					+	+	+
ТА 2	+		+			+	+	+		+	+	+
ТА 3	+	+	+				+	+	+		+	+
ТА 4				+	+		+	+	+	+	+	+
ТА 5	+			+								+
ТА 6	+			+		+						+

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы.

3) «Педагогикалық Ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 27.03.2023 №125 бұйрығы.